

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«Түркістан облысы әкімінің аппараты мен бағыныстағы
мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді
пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы
бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
2024 ЖЫЛ**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

3.4. Қосымша:

- 1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;
- 2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 4 материалдардың жолданған хаттары;
- 3) 1-қосымша кесте;
- 4) Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 08.01.2024 жылғы №03-6-/2 санды хаты.
- 5) Түркістан облысы әкім аппаратының 2024 жылғы 01 наурыздағы №16/2227 санды хаты, түбіртектер және Б.Қыстаубаевтың қайтыс болу туралы анықтамасы қоса тіркеледі

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен активтерін басқарудың тиімділігіне және жергілікті бюджет қаражаттарын пайдалануына аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

- 1) «Түркістан облыс әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 2) Түркістан облыс әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) Түркістан облысы әкімі аппаратының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2020 – 30.09.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Түркістан облысы әкімінің аппараты мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 2023 жылғы 15 қарашадан 28 желтоқсан аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен Түркістан облыс әкімінің аппараты» ММ, Түркістан облыс әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» КММ және Түркістан облыс әкімі аппаратының «Мамандандырылған базасы» КММ қамтылды.

«Түркістан облысы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (*бұдан әрі – Әкім аппараты*) Түркістан облысы әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Әкім аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Әкім аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

Әкім аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

Әкім аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Аппарат басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреттерін айқындау, қызметін ұйымдастыру, тәртібі, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайы көзделген.

Өзін-өзі басқару туралы Заңға сәйкес әкім – бұл жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару өкілеттігі және өзін-өзі басқару функциялары берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі.

Облыстық әкімдік Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, әкім өз құзыреті шегінде жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын әкімдік түріндегі алқалы атқарушы органды басқарады, тиісті аумақты дамытудың мүдделері мен қажеттіліктерімен ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік аудитпен мына төмендегіше бюджеттік бағдарламалар қамтылды:

-120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»; (ББ-001)

-120 004 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»; (ББ-004)

-120 004 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар»;

-120 010 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» (ББ-010)

-120 011 «Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс»; (ББ-011)

-120 014 «Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою»; (ББ-014)

-120 019 «Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту»; (ББ-019)

-120 102 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»; (ББ-102)

-120 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу»; (ББ-107)

-120 113 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» (ББ-113) бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржыларға аудит жүргізу.

Түркістан облысы әкімі аппаратының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мамандандырылған базасы) қызметінің мақсаты мен түрлері мыналар болып табылады:

1) Түркістан облысының әкімі – Азаматтық қорғаныс бастығының қосалқы, (қалалық, қала сыртындағы), көмекші және жылжымалы басқару пункттерін тұрақты әзірлікте ұстау, сондай-ақ азаматтық қорғаныс мүлкін, жеке қорғану құралдарын, радиациялық, химиялық барлау мен дозиметрлік бақылау құралдарын, байланыс және хабардар ету және басқада материалдық-техникалық құралдарын қамтамасыз ету және құру;

2) Облыстың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың авариялық және шұғыл қызметтерінің азаматтық қорғау қызметінің бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметімен ақпараттық өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

3) азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау, сақтау, жаңғырту және әзірлікте ұстау бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті шараларды қабылдау.

Аудит кезеңінде, Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 қарашадағы №244 қаулысына сәйкес, Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының «Мамандандырылған база» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Мемлекеттік аудитпен мына төмендегіше бюджеттік бағдарламалар қамтылды:

-120 007 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары»; (ББ-007)

-120 012 «Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» (ББ-012) бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржыларға аудит жүргізу.

Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Іс басқармасы) күзіретіне облыстық коммуналдық мүлікті күтіп ұстау және қызмет көрсету, сондай-ақ облыстық өкілдік атқарушы органдарға және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға көлік құралдарымен қызмет көрсету және коммуналдық меншікте тұрған ғимараттарды, резиденцияны күтіп-ұстау және қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік аудитпен мына төмендегі бюджеттік бағдарламалар қамтылды:

-120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»; (ББ-001)

-120 007 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» (ББ-007) бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржыларға аудит жүргізу.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған бюджет қаражатының көлемі жалпы 13 931 322,4 мың теңгені құрады. *(Оның ішінде жылдар бөлінісінде 2020 жыл кезеңі бойынша 3 281 552,2 мың теңге, 2021 жыл кезеңі бойынша 3 627 086,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 3 262 128,2 мың теңге, 2023 жылдың 01 қаңтарынан 30 қыркүйегіне дейінгі кезең бойынша 3 760 556,0 мың теңге).*

Бюджеттік бағдарламалар бойынша: 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» 9 729 725,2 мың теңге *(2020 жылы 1 728 842,2 мың теңге, 2021 жылы 2 945 923,0 мың теңге, 2022 жылы 2 753 636,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 2 301 324,0 мың теңге).* 120 004 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» 134 365,0 мың теңге *(2020 жылы 78 451,0 мың теңге, 2021 жылы 55 298,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 616,0 мың теңге).* 120 010 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» 265 177,0 мың теңге *(2020 жылы 59 985,0 мың теңге, 2021 жылы 89 399,0 мың теңге, 2022 жылы 75 377,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 40 416,0 мың теңге),* 120 011 «Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс» 217 055,0 мың теңге *(2022 жылы 75 377,0 мың теңге 217 055 мың теңге),* 120 012 «Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» 346 373,2 мың теңге *(2020 жылы 124 820,0 мың теңге, 2021 жылы 75 094,0 мың теңге, 2022 жылы 83 957,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 62 502,0 мың теңге,* 120 014 «Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою» 1 645 130,0 мың теңге *(2020 жылы 419 789,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 1 225 341,0 мың теңге),* 120 019 «Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту» 19 172,0 мың теңге *(2020 жылы 5 567,0 мың теңге, 2021 жылы 3 574,0 мың теңге, 2022 жылы 7 079,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 2 952,0 мың теңге),* 120 102 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» 621 000,0 мың теңге *(2020 жылы 621 000,0 мың теңге,* 120 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» 41 121,0 мың теңге *(2020 жылы 41 121,0 мың теңге),* 120 113 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» 176 119,0 мың теңге *(2020 жылы 20 000,0 мың теңге, 2022 жылы 135 959,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 20 160,0 мың теңге),* 120 007 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» 736 085,0 мың теңге *(2021 жылы 442 415,0 мың теңге, 2022 жылы 183 633,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 104 037,0 мың теңге).*

Іс-шарамен қамтылған 3 аудит объектісінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 18 576,3 мың теңгені құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың сомасы 2 363,3 мың теңге *(жұмыстарды орындау*

жолымен қалпына келтіруге жататыны 797,1 мың теңге, өтелуге жататыны 1 566,2 мың теңге), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 16 213,0 мың теңге.

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 36 бірлік бұзушылық анықталды, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары 33 бірлік, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 3 бірлік.

Бұдан бөлек, 5 жағдайда бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бұзу бойынша әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 4 материал әкімшілік іс жүргізуді қозғау және қарау үшін тиісті уәкілетті органдарға жолданды.

Аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде төмендегі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Әкім аппараты бойынша:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған қаражат көлемі 7 190 950,0 мың теңге. Оның ішінде 2020 жылы 2 528 733,0 мың теңге, 2021 жылы 1 292 360,0 мың теңге, 2022 жылы 1 356 637,0 мың теңге, 2023 жылдың 01 қаңтары мен 30 қыркүйек аралығында 2 013 220,0 мың теңге.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша: 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» 4 071 811,0 мың теңге (2020 жылы 1 100 843,0 мың теңге, 2021 жылы 1 128 706,0 мың теңге, 2022 жылы 1 121 735,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 720 527,0 мың теңге). 120 004 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» 134 365,0 мың теңге (2020 жылы 78 451,0 мың теңге, 2021 жылы 55 298,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 616,0 мың теңге). 120 010 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» 265 177,0 мың теңге (2020 жылы 59 985,0 мың теңге, 2021 жылы 89 399,0 мың теңге, 2022 жылы 75 377,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 40 416,0 мың теңге), 120 011 «Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс» 217 055,0 мың теңге (2022 жылы 75 377,0 мың теңге 217 055 мың теңге), 120 014 «Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою» 1 645 130,0 мың теңге (2020 жылы 419 789,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 1 225 341,0 мың теңге), 120 019 «Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту» 19 172,0 мың теңге (2020 жылы 5 567,0 мың теңге, 2021 жылы 3 574,0 мың теңге, 2022 жылы 7 079,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 2 952,0 мың теңге), 120 102 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» 621 000,0 мың теңге (2020 жылы 621 000,0 мың теңге, 120 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» 41 121,0 мың теңге (2020 жылы 41 121,0 мың теңге), 120 113 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» 176 119,0 мың теңге (2020 жылы 20 000,0 мың теңге, 2022 жылы 135 959,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 20 160,0 мың теңге),

Аудитпен анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 17 440,5 мың теңгені құрады. Оның ішінде өтелуге жататын қаржылық бұзушылықтар сомасы 1 227,5 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 16 213,0 мың теңге.

Сондай-ақ, бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде рәсімдік сипаттағы 14 бірлік бұзушылық анықталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысымен «Мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережесі» (бұдан әрі – *Ереже*) бекітілген. Осы Ереже Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға жіберілетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің іссапар тәртібін айқындайды.

Сондай-ақ Ережеге сәйкес, Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін іссапарға жіберуді:

- 1) баратын жері мен ұйымның атауы;
- 2) іссапарда болу мерзімі;
- 3) іссапардың мақсаты;
- 4) іссапар шығыстарын өтеу шарттарын көрсете отырып, жол жүру шығыстары өтелетін көлік түрі көрсетілген бұйрықтың негізінде осы мемлекеттік мекеменің басшысы жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидалары» (бұдан әрі – *Қағидалар*) бекітілген.

Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында «іссапарда жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы төленеді» делінсе, Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында «егер іссапарға жіберілген қызметкер тұрақты жұмыс орнына күн сайын қайтып келсе, онда тәулікақы төленбей, жол жүру құжаттары болған кезде көліктік шығыстар ғана өтеледі» делінген.

1-тармақ. Алайда, 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша 2020 жылы Әкім аппараты тарапынан 12 жағдайда 1 күнге қызметкерлер іссапарға жіберіліп, жалпы сомасы 65,4 мың теңге тәулік ақы негізсіз төленген. Осы тектес бұзушылықтар әр жылдарда орын алып, яғни 2021 жылы 18 жағдайда жалпы сомасы 105,0 мың теңге, 2022 жылы 122 жағдайда жалпы сомасы 747,4 мың теңге, 2023 жылы 45 жағдайда жалпы сомасы 309,7 мың теңге (барлығы 1 227,5 мың теңге) тәулік ақы негізсіз төленген.

Осылайша, Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі принциптерінің бірі – тиімділік қағидатына негізделеді.

Тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті

нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару болып табылады.

2-тармақ. Аудит барысында, Әкім аппаратының қоймасында 2018, 2019, 2020, 2021 және 2022 жылдардан бүгінгі таңға дейін қолданылмаған жалпы сомасы 12 000,7 мың теңге кеңсе тауарларының тұрғаны анықталды.

Сондай-ақ, Әкім аппаратының 2023 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарының жиынтық есебінде, яғни 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 149-ерекшеліктен өзге де қорларды сатып алуға 17 104,0 мың теңге жоспарланып ұсынылған, оның ішінде кеңсе тауарларына 8 226,0 мың теңге жоспарланған.

3-тармақ. Алайда, 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша бухгалтерлік есептегі яғни, Әкім аппаратының қоймасында өткен жылдардан бүгінгі таңға дейін жалпы сомасы 12 000,7 мың теңгенің қолданылмаған заттай қалдықтарының ішіндегі кеңсе тауарлары есепке алынбай, 2023 жылға қоймада бар кеңсе тауарларына қайта өтінім жасалып, 3 484,1 мың теңгеге кеңсе тауарлары сатып алынғаны анықталды.

4-тармақ. Сонымен қатар аудит барысында, Әкім аппаратының қоймасында 2020 жылдан осы күнге дейін қолданылмаған 728,2 мың теңгенің (5040 литр АИ-92 маркалы бензин) жанар жағармай қалдықтарының тұрғаны анықталды.

Осылайша, Бюджет Кодексінің 4 бабы 12) тармақшасындағы тиімділік қағидатының принциптері сақталмау салдарынан жалпы сомасы 16 213,0 мың теңге тиімсіз пайдаланған.

Бұдан бөлек, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары 14 бірлікте анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына (*бұдан әрі – Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары*) сәйкес, бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан шығарылған, басқа жұмысқа тағайындалған, ауыстырылған) кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған қызметкерге істерді тапсыру жүргізілу тиіс.

Істерді тапсырушы бас бухгалтердің және істерді қабылдаушы қызметкердің істерді тапсыруы және қабылдауы мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

5-тармақ. Аудит кезеңінде, Әкім аппаратының қаржы-шаруашылық (әкімшілік) бөлімінің бас инспектор-бас бухгалтері Мантеева Назира Ержанқызы 2022 жылы 20 қыркүйекте жұмыстан босатылып, 2022 жылы 22 қыркүйекте Әкім аппаратының қаржы-шаруашылық (әкімшілік) бөлімінің бас инспектор-бас бухгалтері Абилова Назира Исламовна тағайындалған. Алайда, бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған кезде істерді тапсыруы және қабылдауы Әкім аппараты басшысының бұйрығымен рәсімделмегені анықталды.

Осылайша, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 14-тармағының талаптары сақталмаған.

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес, әрбір есепті ай өткенен кейін барлық мемориалды ордерлер, мемориалды ордерлер – жинақтау ведомостері оларға қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіппен іріктеледі және түптеледі. Құжаттар саны аз болған кезде түптеуді үш айда бір дестеге жүргізіледі. Мұқабада мемлекеттік мекеменің немесе орталықтандырылған бухгалтерияның атауы, дестенің, істің атауы мен реттік нөмірі, есепті кезең жыл мен ай, мемориалды ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері, істегі беттердің саны жазылады.

6-тармақ. Алайда, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 28-тармағының талаптары сақталмай, Әкім аппаратының 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдардағы №2 мемориалды ордерлер – жинақтау ведомостері, оларға қатысты құжаттар, әр мемориалды ордердің әр беттері номерленіп, түптеліп тігілмегені анықталды.

Жалақы төлеу кезінде жұмыс беруші әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, оның ішінде ұстап қалынған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтерді жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті.

7-тармақ. Әкім аппаратында 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдары әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі мәліметтерді жазбаша немесе электрондық нысанда хабарламай, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 113 бабы 2-тармағының талаптары сақталмаған.

Бухгалтерлік қызметте аванстық есептер арифметикалық түрде тексеріледі, сондай-ақ құжаттарды рәсімдеудің дұрыстығы мен қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуды тексеріледі. Тексерілген аванстық есептерді мемлекеттік мекеменің басшысымен немесе ол уәкілеттілік берген адам бекітеді.

8-тармақ. Әкім аппараты тарапынан 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдары іссапар бұйрықтары (өкімдері) рәсімделіп, қызметкелер іссапарға жолданған. Алайда, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 172-тармағының талаптары сақталмай, аудитпен қамтылған уақыт аралығында 8-мемориалдық ордерде бухгалтерлік қызметте аванстық есептерді әкім аппараты басшысымен немесе ол уәкілеттілік берген адам бекітпегені, тексерген адамның қолы, есеп беретін тұлғаның қолы қойылмағаны анықталды.

Әкім аппараты, 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159-ерекшелігінен «Торговый дом Глобус» ЖШС-і арасында 2021 жылдың 15 желтоқсанында №133 мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 4 000,0 мың теңгеге келісім шартын жасасқан. 2021 жылдың 20 желтоқсандағы №60 тауарларды босату жүк

құжатымен 4 000,0 мың теңгенің кеңсе заттары қабылданып, төлем толық жүргізілген.

9-тармақ. Алайда, алынған кеңсе заттары бухгалтерлік тізбек (проводка) дұрыс жүргізілмеу салдарынан, Әкім аппаратының теңгеріміне алынбай, шығыс етілген. Бұл ретте, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 196, 220 және 229- тармақтарының талаптары сақталмаған.

Іс басқармасы бойынша:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған қаражат көлемі 6 393 239,2 мың теңге. Оның ішінде 01.07.-31.12.2020 жылы 627 999,2 мың теңге, 2021 жылы 2 259 632,0 мың теңге, 2022 жылы 1 821 534,0 мың теңге және 01.01.-30.09.2023 жылы 1 684 074,0 мың теңге.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша: 120 001 «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» 5 657 914,2 мың теңге (2020 жылы 627 999,2 мың теңге, 2021 жылы 1 817 217,0 мың теңге, 2022 жылы 1 631 901,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 1 580 797,0 мың теңге), 120 007 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» 735 325,0 мың теңге (2021 жылы 442 415,0 мың теңге, 2022 жылы 189 633,0 мың теңге).

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары 9 бірлікте, өзге де салалық заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары 2 бірлікте, барлығы 11 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

10-тармақ. Іс басқармасында бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 28-тармағының талаптары сақталмай, 2020, 2021 және 2022 жылдардағы №2 мемориалды ордерлер – жинақтау ведомостері, оларға қатысты құжаттар, әр мемориалды ордердің әр беттері номерленіп, түптеліп тігілмегені анықталды.

11-тармақ. Іс басқармасында 2020, 2021 және 2022 жылдары әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі мәліметтерді жазбаша немесе электрондық нысанда хабарламай, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 113 бабы 2-тармағының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасының (бұдан әрі – Түгендеу жүргізу қағидасы) талаптарына сәйкес, Мемлекеттік мекемелер түгендеуді мынадай мерзімдерде:

- машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндіріс пен шаруашылық құрал-саймандарын, материалдық емес және өзге де ұзақ мерзімді активтерді - жылына кемінде бір рет 1 қазаннан кейін;

- ғимараттарды, құрылыстарды, өтпелі құрылыстар мен басқа да жылжымайтын активтер объектілерін (жер учаскелерін, көпжылдық өскіндер мен басқа да жер шаруашылығымен тығыз байланысты, оларды ауыстыру, олардың арнаулы мақсаттарына байланысты шығынсыз болмайтын объектілерді) - жылына кемінде бір рет 1 қазаннан кейін жүргізуге міндетті.

12-тармақ. Іс басқармасы балансындағы барлық активтер, негізгі құралдар, тауар-материалды құндылықтарға 1 қазанға дейін мерзімінен ерте, яғни 2020 жылғы 12 тамыздағы №124, 2021 жылы 15 қыркүйектегі №146 бұйрығымен комиссия құрылып, түгендеу жүргізілген.

Бұл ретте, түгендеу жүргізу қағидасының 4-тармағының 1) және 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Сондай-ақ, Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Бюджетті атқару ережелерінде белгіленген.

Еңбекақыны есептеу айына бір рет жүргізіледі және айдың соңғы күні есепте көрсетіледі.

Іс басқармасында 2021 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына жалпы сомасы 861,4 мың теңге қаржылар қызметкерлерге еңбек жалақысы мен әлеуметтік аударымдарға, 2022 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына жалпы сомасы 37,8 мың теңге қаржылар табыс салығына артық аударылып, дебиторлық берешек орын алған.

Орын алған дебиторлық берешектер 2022 және 2023 жылдардың 01 қаңтары жағдайына жылдық бухгалтерлік баланс есебінде көрсетілуі тиіс еді.

13-тармақ. Алайда, 2022 жылдың 01 қаңтары жағдайына орын алған жалпы сомасы 861,4 мың теңге дебиторлық берешекті, 2023 жылдың 01 қаңтары жағдайына орын алған жалпы сомасы 37,8 мың теңге дебиторлық берешекті жылдық баланстық есепте көрсетпеу мақсатында 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы №16, №17, №18, №19 және 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы №20 бухгалтерлік анықтамалармен түзету операциялары негізсіз жасалып, бұрмаланған.

Осылайша, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 25 тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар, Іс басқармасымен 2020 және 2022 жылдары жалпы сомасы 15 302,3 мың теңгеге автомобиль шиналары сатып алынып, бастапқы құжаттарымен есептен шығарылған.

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес, қосалқы бөлшектердің талдамалы есебі қосалқы бөлшектердің атауы, таңбалары зауыттық нөмірлері, саны, құны мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша Нысандар альбомының 296 нысанды кітабында жүргізілуі тиіс.

14-тармақ. Алайда, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 232-тармағының талаптары сақталмай, қосалқы бөлшектердің атауы, таңбалары зауыттық нөмірлері, саны, құны мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша Нысандар альбомы, карточкалары жүргізілмегені анықталды.

Мамандандырылған базасы бойынша:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған қаражат көлемі 347 133,2 мың теңге. Оның ішінде 2020 жылы 124 820,0 мың теңге, 2021 жылы 75 094,0 мың теңге, 2022 жылы 83 957,2 мың теңге және 01.01.-30.09.2023 жылы 63 262,0 мың теңге.

Оның ішінде бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

120 007 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» 760,0 мың теңге (2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 760,0 мың теңге), 120 012 «Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» 346 373,2 мың теңге (2020 жылы 124 820,0 мың теңге, 2021 жылы 75 094,0 мың теңге, 2022 жылы 83 957,0 мың теңге, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 62 502,0 мың теңге).

Аудитпен анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 1 135,8 мың теңгені (оның ішінде жұмыстарды орындау жолымен қалпына келтіруге жататыны 797,1 мың теңге, өтелуге жататыны 338,7 мың теңге) құрады.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары 10 бірлікте, өзге де салалық заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары 1 бірлікте, барлығы 11 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес, жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді.

15-тармақ. Аудит барысында, Еңбек кодексінің 103 бабы 1-тармағының талабы сақталмай Мамандандырылған базасының қаржы-әкімшілік шаруашылық бөлім басшысы қызметін атқарған Толеманова Назгуль Оразбаеваға 2022 жылдың 01 қазанына 172 571 теңге қаржы айлық жалақыға артық аударылғаны анықталды.

16-тармақ. Бұдан бөлек, Мамандандырылған базасы тарапынан аудитпен қамтылған кезең аралығында іссапар шығындарына жалпы сомасы 166,1 мың теңге қаржы артық төленген. Оның ішінде:

-9 жағдайда 1 күнге пәтер ақыға 31,1 мың теңге артық төленген;

-3 жағдайда қызметтік авто көлікпен жіберілседе жол жүру шығындарына негіссіз 22,2 мың теңге артық төленген;

-2 жағдайда Мамандандырылған базасы басшысының іссапарға жіберу туралы бұйрығы болмасада 70,9 мың теңге негіссіз төленген;

- іссапар шығындарын төлеу барысында 2 жағдайда заңда қаралмаған өзгеде шығындар деп 41,9 мың теңге қаржы негізсіз төленген.

Осылайша, Ереженің 1-1 тармағының, Қағидалардың 2-1-тармағының, 4-тармағы 2) тармақшасының, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 172-тармағының талаптарын сақтамаған.

Бюджет Кодексіне сәйкес, Мемлекеттік мекеме:

-төлеуге берілетін шотты табыс етудің заңдылығын және негізділігін; төлеуге берілетін шоттың көрсетілген деректемелерінің дұрыстығын;

-ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;

-жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың берілуін, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын;

- бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне осы баптың 5-тармағында көрсетілген, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды табыс етуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мамандандырылған базасы мен «Строй Сервис» ЖК арасында 001 «Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша қызметтік автокөліктерге жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша 2023 жылдың 21 шілдесінде №30 келісім шарты түзілген.

Келісім шарт қазынашылық органдарына тіркеліп заңды күшіне енбей тұрып, мердігер тарапынан берілген орындалған жұмыстар актісі негізінде 797,1 мың теңге аударылған.

17-тармақ. Алайда, қызметтік автокөліктерге жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарының анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) барысында 797,1 мың теңге қызметтік автокөліктерге жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарының жүргізілмегені анықталды.

Осылайша, Бюджет кодексінің 96 бабы 5-тармағының, 97 бабы 6-тармағының, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 128-тармағының талаптары сақталмаған.

Мамандандырылған базасында 2020 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына жалпы сомасы 540,2 мың теңге қаржылар әлеуметтік салықтарға, 2021 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына жалпы сомасы 69,5 мың теңге қаржылар жеке табыс салығына, 2022 жылдың 31 желтоқсаны жағдайына жалпы сомасы 141,5 мың теңге қаржылар жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтарға артық аударылып, дебиторлық берешек орын алған.

Орын алған дебиторлық берешектер 2021, 2022 және 2023 жылдардың 01 қаңтары жағдайына жылдық бухгалтерлік баланс есебінде көрсетілуі тиіс еді.

18-тармақ. Алайда, 2021 жылдың 01 қаңтары жағдайына орын алған жалпы сомасы 540,2 мың теңге дебиторлық берешекті, 2022 жылдың 01 қаңтары жағдайына орын алған жалпы сомасы 69,5 мың теңге дебиторлық берешекті және 2023 жылдың 01 қаңтары жағдайына орын алған жалпы сомасы 141,5 мың теңге дебиторлық берешекті жылдық баланстық есепте көрсетпеу мақсатында әр жылы қаржылық есеп соңында анықтамалармен түзету операциялары негізсіз жасалып, бұрмаланған.

Осылайша, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 25 тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары сәйкес, бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан шығарылған, басқа жұмысқа тағайындалған, ауыстырылған) кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған қызметкерге істерді тапсыру жүргізілуі тиіс.

Істерді тапсырушы бас бухгалтердің және істерді қабылдаушы қызметкердің істерді тапсыруы және қабылдауы мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

19-тармақ. Аудит кезеңінде, бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және банкілік құжаттарға екінші қол қою құқығымен 2022 жылдың 22 тамызына дейін қаржы тобының басшысы-бас бухгалтері Толеманова Назгул Оразбаевна атқарса, 2022 жылдың 03 қазанынан 28 қарашасына дейін Тортаев Бақытжан Қасымбекович атқарған. Ал, 2022 жылдың 28 қарашасынан мекеменің қаржы және шаруашылық бөлімінің басшысы-бас бухгалтері Айдарбекова Гульнара Сейтқалиевна атқарған.

Алайда, Мамандандырылған базасы басшысы тарапынан бұйрық рәсімделмеген және істерді қабылдау-тапсыру жүргізілмеген.

Осылайша, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 14-тармағының талаптары сақталмаған.

20-тармақ. Бұдан бөлек, Мамандандырылған базасында бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 28-тармағының талаптары сақталмай, 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдардағы мемориалды ордерлер - жинақтау ведомостері, оларға қатысты құжаттарға аудит жүргізу барысында, әр мемориалды ордердің әр беттері номерленіп тігілмегені анықталды.

21-тармақ. Мамандандырылған базасында 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдары әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі мәліметтерді жазбаша немесе электрондық нысанда хабарламай, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 113 бабы 2-тармағының талаптары сақталмаған.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді.

22-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 178-тармағының талаптары сақталмай, 2022 жыл соңында 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлем жасау салдарынан «Энергопоток» ЖШС 9,9 мың теңге дебиторлық қарыз орын алған.

23-тармақ. Мамандандырылған базасы басшысы тарапынан нақты бар негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізуге, бухгалтерлік есепке алуға (негізгі құралдарды есептен шығаруға) 2022 жылы комиссия құрылмаған және түгендеу жүргізілмеген.

Бұл ретте, түгендеу жүргізу қағидасының 4-тармағының талаптары сақталмаған.

24-тармақ. Мамандандырылған базасы тарапынан 2023 жылы іссапар бұйрықтары (өкімдері) рәсімделіп, қызметкелер іссапарға жолданған. Алайда, Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 172-тармағының талаптары сақталмай, аудитпен қамтылған уақыт аралығында 8-мемориалдық ордерде бухгалтерлік қызметте аванстық есептерді Мамандандырылған базасы

басшысымен немесе ол уәкілеттілік берген адам бекітпегені, тексерген адамның қолы, есеп беретін тұлғаның қолы қойылмағаны анықталды.

Аудиттің негізгі нәтижесі көрсеткендей бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды.

Аудит объектілерінде қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар Еңбек кодексінің талаптарын, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын сақтамау және іс-сапар шығындары нормаларын дұрыс қолданбау салдарынан орын алған.

Сонымен қатар, бюджеттік өтінімді әзірлеу кезінде тиімділік қағидатының сақталмау салдарының нәтижесі, тиімсіз пайдаланылған қаржыға әкеп соқтырған.

Сол сияқты, жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеу салдарынан орындалмаған жұмыстардың орын алуына әкеп соқтырған.

Осылайша, аудит объектілерінде жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы мен кемшіліктері жүйелі сипатқа ие. Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері жауапты тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын дұрыс қолданбауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей, Облыс әкімдігі іске асыратын міндеттер мен функцияларна сәйкес қызметін талдауда, мемлекеттік орган ретінде әкімдіктердің қызметін басқаруды жүзеге асыратының көрсетті.

Түркістан облыс аумағы — 116,1 мың шаршы км. Бұл ретте өңірде ел бойынша халық тығыздығы ең жоғары – 1 шаршы км-ге 17,9 адам.

Облыста 3 облыстық маңызы бар қала, 14 аудан (оның ішінде 4 аудандық маңызы бар қала), 174 ауылдық округ, 824 ауылдық елді мекен бар.

Облыс халқының саны 2022 жылдың 1 қаңтарына 2 075,4 мың адамды құраса, 2021 жылдың 1 қаңтарына 2 044,7 мың адамды немесе 101,5%.

Облыс халқының саны 2023 жылдың 1 қаңтарына 2 119,1 мың адамды құраса, 2022 жылдың 1 қаңтарына 2 075,4 мың адамды немесе 102,1%.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында 128 нысаналы индикатор жоспарланып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 74 (61,2%) нысаналы индикаторға қол жеткізілген (4 ішінара орындалған), 20 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген, 27 индикаторға қол жеткізілмеген, 7 индикатор бойынша 2022 жылға жоспарланбаған яғни келесі жылға өтпелі.

Орындалмаған іс шараларды атап айтқанда:

«Өңір экономикасының өсуі» бағытының, шағын орта бизнесті және өңдеу өнеркәсібін басым дамыту мақсатында 6 іс-шаралар орындалмаған.

1. "Оңтүстік "Өңірлік инвестициялық орталығы" ЖШС, "Ырыс "микроқаржы ұйымы" ЖШС және "Атамекен-Түркістан "Микроқаржы ұйымы" ЖШС желілері бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне микрокредит беру іс шарасы бойынша жобалар санының жоспары 1000 болса орындалуы 525. Жоспардың орындалмау себебі қаражат көлемінің жетіспеушілігінен орын алған.

2. Шетелдік инвесторларды шикізаттық емес секторларға, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіпке тарту іс шарасы бойынша жобалар санының жоспары 2 бірлікті құрап, орындалмаған. Себебі Франциялық Alstom компаниясымен Арыс қаласында сервистік орталығын құру және локомативтерді құрастыру бойынша келіс сөздер аяқталмаған.

3. Түркістан қаласының айналасындағы 1200 бас ірі қара малға арналған қазіргі заманғы сүт фермасын салуға 6000,0 млн.тенге жоспарланып, орындалуы 1500,0 млн. тенгені құраған. Жоспардың орындалмау себебі, инвестордың несие алуға кепіл мүлкі болмауынан орын алған.

4. Түркістан қаласының айналасындағы 15 га өнеркәсіптік жылыжай салуға 17 300,0 млн. тенге жоспарланып, инвестордың қаржы тапшылығына тап болуына байланысты жоспар орындалмаған.

5. Арыс қаласында құрама жем зауытын салуға 11 178,0 млн.тенге жоспарланып, инвестордың қаржы мәселесін шеше алмауына байланысты жоспар орындалмаған.

6. Сайрам ауданында 9,5 га өнеркәсіптік жылыжай кешенін салу бойынша жоспар орындалмаған, себебі инвестор тарапынан жылыжай кешеніне газ және электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жұмыстар аяқталмаған.

«Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ» бағытының қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында 14 іс-шаралар орындалмаған. Атап айтқанда:

1. Созақ ауданында 2 өрт сөндіру бекетін құру іс шарасы бойынша 13,0 млн.тенге, жоспарланып, жергілікті бюджеттен қаржы бөлінбегендіктен жоспар орындалмаған.

2. Өрт автоцистернасы АЦ-8-70 (6х6) 4 бірлігін сатып алуға 199,6 млн.тенге жоспарланып, 137,9 млн.тенгеге өрт автоцистернасы АЦ-8-70 (6х6) 2 данасы алынып, қалған 2 данасын алуға облыстық бюджеттен қаржы қарастырылмағандықтан жоспар орындалмаған.

3. Өрт автоцистернасы АЦ-5-40 (6х6) 4 бірлігін сатып алуға 206,0 млн.тенге;

4. Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі Жуантөбе және Көбек ауылдарында Келес өзеніндегі арнаны түзету және жағаны бекіту жұмыстарын жүргізуге 90,5 млн. тенге;

5. Келес ауданы Ұшқын ауылдық округі Қоралас елді мекеніндегі коллекторына механикалық тазалауға 47,9 млн.тенге;

6. Келес ауданы Абай елді мекеніндегі коллекторына механикалық тазалауға 45,1 млн. тенге;

7. Келес ауданы Абай е.м. Келес өзеніндегі арнаны түзету және жағалауды нығайту жұмыстарына 65,6 млн.тенге;

8. Келес ауданы Дербісік а.о. Дербісік Сарағаш ауданы арнаны түзету және арнаны қорғау жұмыстарына 69,4 млн.тенге;

9. Келес ауданы, Қошқарата кенті, Келес кентінің кіреберіс бөлігіндегі арнаны түзету және жағаны бекіту жұмыстарына 53,2 млн.тенге;

10. Келес ауданының Бірлесу а/о «28 Гвардия» көпір асты бөлігіндегі жағалауды нығайту жұмыстарына 43,1 млн.тенге;

11. Сайрам ауданы Қарасу селосындағы «Ақбай-Қарасу» каналын бетондау жұмыстарына 132,0 млн.тенге;

12. Сайрам ауданы Ақбұлақ селосындағы «Аламан» магистральдық каналын бетондау жұмыстарына 115,2 млн.тенге;

13. Сайрам ауданы Ақсукеңт ауылы Ақсукеңт кентіндегі теміржол көпірі ауданындағы Ақсу кентіндегі арнаны түзету және жағалауды нығайту жұмыстарына 114,0 млн.тенге;

14. Сайрам ауданы Құтарыс ауылындағы автожол көпірі ауданындағы Арыс өзеніндегі арнаны түзету және жағалауды нығайту жұмыстарына 93,0 млн.тенге жоспарланып, облыстық бюджеттен қаржы қарастырылмағандықтан жоспар орындалмаған.

«Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету» бағыты бойынша барлығы 5 іс-шаралар орындалмаған .Оның ішінде:

Жұмыспен қамтуға тиімді жәрдемдесу және халықтың табысын арттыру мақсаты бойынша 3 іс-шаралар орындалмаған. Атап айтқанда:

1. Бітірушілерге арналған «Жастар практикасы» жобасын іске асыруға 8471 жастарды жолдау жоспарланып, 2023 жылдың 1 қаңтарына 7 576 жастар «Жастар практикасы» жобасына жолданған.

2. "Бірінші жұмыс орны" жобасын іске асыруға 714 жастарды жолдау жоспарланып, 2023 жылдың 1 қаңтарына 690 жастар «Алғашқы жұмыс орны» жобасына жолданған.

3. Осал топқа жататын тұрғындар мен жас кәсіпкерлерге гранттар беру үшін 4895 адамға Ұлттық қордан 5 630,8 млн.тенге жоспарланып, 2023 жылдың 1 қаңтарына 2 922 азаматқа 3 186,7 млн.тенге мемлекеттік грант берілген.

Патриотизмді қалыптастыру және мәдениетті дамыту мақсаты бойынша 2 іс-шара орындалмаған.

1. «Рухани жаңғыру – ұлттық жаңғыру жобасын іске асыруға 3,2 млн.тенге жоспарланып, Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсетпеуіне байланысты іс-шара өтпеген. Себебі «Mádeniет және óнер» жеке кәсіпкерімен 2022 жылғы 18 сәуірде №30 келісімшарт түзіліп, жеке кәсіпкер тарапынан келісімшартты орындамаған. 2023 жылғы 6 қаңтарға жосықсыз қатысушы ретінде тану үшін сотқа арыз берілген.

2. «Evening sport» NEET жастарды қолдау жобасын іске асыруға 4,7 млн.тенге жұмсалынған. Жоспар 5,6 млн.тенге. Жоспар орындалмаған.

Жалпы іс шаралардың орындалмау себебінен жоспарланған 42 007,2 млн.тенге қаражаттың небәрі 4 829,3 млн.тенгесі ғана игерілген немесе жоспардың орындалуы 11,2 % құрайды.

Жоғарыдағы орындалмаған іс-шаралар бойынша мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізбеуі, өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайының дамуына кері әсерін тигізіп отырғандығын байқауға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 Жарлығымен «Ұлттық жобалар» тізбесі бекітілген. Осы тізбеге сәйкес 2022 жылдан бастап Ұлттық жобалар іске асырылған.

1. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бойынша Түркістан облысында 10 көрсеткіш жоспарланған.

Бүгінгі таңда 7 көрсеткіш орындалып, қалған 3 көрсеткіш (*халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету: ауылда (жоспар – 96,6%, бүгінгі күнге – 94,6%), қалалардағы сарқынды суларды тазарту деңгейі (жоспар – 48,3%, бүгінгі күнге – 33,2%), үйге ортақ жылу және су есептегіш (жоспар – 98%, бүгінгі күнге – 80,4%)*) орындалмаған.

2. «2021-2025 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасының» іске асырылуы туралы.

Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен Ұлттық жобаға 117,3 млн тенге жоспарланып толығымен игерілген. «Кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұлттық жобасын» жүзеге асыруға «Еңбек» бағыты аясында 70 300 адамды жұмыспен қамту шараларына жолдау жоспарланған.

Жыл қорытындысымен нақты 120 269 адам жолданып, бекітілген жоспар 171,2% орындалған.

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» Түркістан облысының білім басқармасымен Ұлттық жобасы аясында облыста 5 көрсеткіш белгіленіп 1 көрсеткіш орындалмаған.

4. «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы

Ұлттық жобаға сәйкес, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасымен 754 004 046 «Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша Республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін субвенциялар есебінен 6 938 984,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. Оның ішінде:

Төлеби ауданында 2, Сайрам ауданында 1, Қазығұрт ауданында 1, Сарыағаш ауданында 1, Келес ауданында 2, Мақтаарал ауданында 4 барлығы 11 медициналық пункті 909 782,0 мың теңгеге сатып алынып пайдалануға берілген.

5. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы

Ұлттық жобаға сәйкес Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасымен 2 көрсеткіштер жоспарланып толығымен орындалған.

Білім беру саласының жәй-күйін бағалау

Облыс бойынша апатты мектептер саны барлығы 7 бірлік болса, оның ішінде Сарыағаш ауданы көш бастап тұр.

Түркістан облысы бойынша 2022 жылы үш ауысымды мектептер көшін Ордабасы ауданы бастап тұр. Ондағы 7 бірлік үш ауысымды білім беру ұйымдарында барлығы 9 825 оқушы білім алады.

2022 жылдың қорытындысымен облысымызда 39 бірлік саманды және ыңғайластырылған мектептер қалыптасқан. Оның ішінде Қазығұрт, Келес, Сауран аудандары көш бастап тұр.

Қоғамдық қауіпсіздік.

Статистикалық ақпараттарға сүйенсек 2022 жылы облыс бойынша 5 929) бірлік қылмыс тіркелген немесе 2021 жылмен салыстырғанда 87 бірлікке артқан (2021 жылғы жалпы тіркелген қылмыстар саны 5 842 бірлік).

Қорыта келе, 2022 жылғы көрсеткіштердің біршама өсу динамикасы байқалады. Дегенмен облысымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің қарқын алып өсуі үшін тиісті жұмыстарды өз деңгейінде атқаруды қажет етеді.

Қол жетімді инфрақұрылымдық жүйе

Түркістан облысының инфрақұрылымдық жүйелеріне талдау жасау барысында орталықтандырылған газ, ауыз су және кәріз жүйелеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыру қажет екені байқалады.

2022 жылы өңірімізде 2 025 296 адам орталықтандырылған ауыз суға қол жетімді болса, 93 767 адамға қол жетімсіз.

Кәріз жүйесі бойынша 312 973 адам қол жетімді болса, қол жетімсіз халық саны 1 806 090 адам болып қалыптасып, нашар көрсеткішке ие. Сонымен қатар 2022 жылы өңірімізде 1 557 919 адамға орталықтандырылған газбен жабдықтауға қолжетімді болып, 70,9 % құраса, 561 144 адамға қол жетімсіз күйде қалыптасқан.

2022 жылы облыс аумағында халық саны 2 119 063 адамды құрап, оның ішінде 2 025 296 адам орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтауға қол жетімді немесе жалпы халықтың 95,6 %-ын құраса, 93 767 халық саны қол жетімсіз.

Бұл ретте Келес, Сарыағаш аудандарында орталықтандырылған ауыз суға 77 502 тұрғын қамтамасыз етілмеген.

Талдау нәтижелері көрсеткендей әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштердің бір қатар бағыттары бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

Атап айтқанда:

- қоғамдық қауіпсіздік - яғни қауіпсіз аймақ. Бүгінгі таңда облысымыздың орталығы Түркістан қаласы тек Қазақстанның ғана емес Түркі тілдес мемлекеттердің рухани астанасына айналып отыр. Бұл дегеніміз өңіріміз - туризмнің басты фаворитіне айналуы тиіс.

Қоғамда белең алған бұзақылық, тонау, көшелерде жасалған қылмыстар сонымен қатар ауыр қылмыстар (2022 жылы облыс бойынша 5929 бірлік

қылмыс жасалса 37 адам қаза тапқан) облысымыздың рухани тұрғыдан дамуына кедергі келтіріп қана қоймай туристердің келу ағынына тұсау болуы мүмкін.

- жұмыссыздық ахуалы - Түркістан облысында жұмыссыздық деңгейі 2021 жылғы 12 айдың қорытындысымен 5,1% деңгейінде қалыптасып, 2022 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 5,3% құрап, қалыпты жағдайдан төмендеген. Бұл ретте, облыс аумағында 2022 жылдың 12 айдың қорытындысымен экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 819,7 мың адамды, жұмыссыздар саны – 43,4 мың адамға жеткен.

- нарық бағасының қымбаттауы және кедейлік тереңдігі. 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда азық-түлік және тұрмыстық тұтыну заттарының баға өсімі жоғарылаған. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі өз кезегінде облысымызда кедейлік деңгейіне едәуір әсер еткен. Есепті жылдың қорытындысымен өңірдегі кедейліктің негізгі көрсеткіштерінің ішінде кедейлік тереңдігі 1,0%-ды құрап, кедейліктің өткірлігі 0,2% -ға жеткен.

- сапалы білім беру базасымен қамтамасыз ету. 2022 жылдың қорытындысы бойынша облысымызда 7 (жеті) бірлік апатты, 15 (он бес) бірлік үш ауысымды және 39 бірлік саманды және ыңғайластырылған мектептер қалыптасқан. Аталған мектептерде жалпы 26 133 оқушы білім алуда. Білім беру ошақтарының бұндай жәй-күйі, сапалы білім – сапалы адами капитал қағидасын бұзып отыр. Яғни облысымызда 21830 оқушы апатты және үш ауысымды мектеп ғимаратында білім алып жатса, 4303 оқушы жүз жылдық тарихы бар, негізі XX ғасырда қаланған «Саманды» типтегі білім ошақтарында оқуда.

Демек, білім беру ұйымдарының жәй-күйі мен материалдық -техникалық базасының ахуалы (жағдайы) білім беру саласының бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан талдау (зерделеу) жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен қатар, бюджеттік жоспарлау барысында бірінші кезекте басым бағытарға тиісті деңгейде мән берілмегенін байқалады. Нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысымен апатты мектептер саны едәуір артқанын аңғаруға болады.

Қорытындылай келе, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуында бір қатар басты проблемалық мәселелер бар. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орнын толықтырып, өңіріміздің рухани тұрғыдан дамыған, қауіпсіз аймаққа айналған, өмір сүру деңгейінің сапалы әрі қолайлы, халқының әл-ауқаты деңгейінің жоғары өңірге айналдыру басты назарда болуы тиіс.

Облыс әкімі өз құзыретіне сәйкес жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда, әкімдік түріндегі алқалы атқарушы органды басқара отырып, тиісті аумақты дамытудың мүдделері мен қажеттіліктерімен ұштастыра, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуде, Түркістан облысы әкімі аппаратының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретіне шегінде қосалқы, көмекші және жылжымалы басқару пункттерін тұрақты әзірлікте ұстауда, сондай-ақ төтенше жағдай орын алған кезде азаматтық қорғаныс мүлкін, жеке қорғану құралдарын, байланыс және хабардар ету және басқада материалдық

техникалық құралдарымен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілгенің, Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзіретіне облыстық коммуналдық мүлікті күтіп ұстау және қызмет көрсету, сондай-ақ облыстық өкілдік атқарушы органдарға және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға көлік құралдарымен қызмет көрсету және коммуналдық меншікте тұрған ғимараттарды, резиденцияны күтіп-ұстау және қызмет көрсетуде өз құзіретіне шегінде жұмыс атқару нәтижесімен, жалпы мекемелердің облыс шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз етуін реттеуде әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін тигізуде деп бағалаймыз.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Мемлекеттік аудит объектілері барлық анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар ӘҚБтК-нің 238-бабына сәйкес әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 4 материал жолданды. *(1-қосымша кесте қоса тіркеледі).*

Мамандандырылған базасы бойынша:

- Мемлекеттік аудит барысында айлық жалақыға артық аударылған 172,6 мың теңге қаржы, 2023 жылдың 05 желтоқсанында №14434963350006 санды түбіртегімен жергілікті бюджетке өндірілді.

- 797,1 мың теңгенің орындалмаған жұмыстары, Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының «Мамандандырылған базасы» КММ-нің 2024 жылғы 08 қаңтардағы №03-6-/2 санды хатымен дәлелді құжаттарын ұсына отырып, жұмыстардың орындалғаны хабарланды.

- Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Мамандандырылған базасының 2024 жылғы 08 қаңтардағы №03-6-/2 санды хатымен, мекеме басшысының орынбасары А.Омаровқа *(2024 жылғы 03 қаңтардағы №1-жқ бұйрығы)* «сөгіс» түрінде тәртіптік шара көрілгені хабарланды.

Әкімі аппараты бойынша:

- Сондай-ақ, 2024 жылғы 01 наурыздағы №16/2227 санды хатымен, іссапар шығындарына 50 қызметкерден артық аударылған 986,8 мың теңге қаржы, төлем түбіртегтерімен жергілікті бюджетке өндірілгені және қызметкер Б.Қыстаубаевтың қайтыс болғаны жайлы хабарланды.

Б.Қыстаубаеваның қайтыс болуына байланысты іссапар шығындарына артық аударылған 52,9 мың теңге қаржы, бюджетке өндіруден қысқартылды.

(Әкім аппаратының 2024 жылғы 01 наурыздағы №16/2227 санды хаты, түбіртектер және Б.Қыстаубаевтың қайтыс болу туралы анықтамасы 57-парақта қоса тіркеледі)

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: *Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.*

Аудит объектісінің қызметін «Тиімділік» көрсеткіші бойынша бағалау қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит Түркістан облысы әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларындағы басшылықты жүзеге асыруда, мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі бойынша пікір білдіру үшін жеткілікті негіздер береді деген қорытынды жасауға болады.

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: *Перспективалық – жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.*

2020 жылдың 01 шілдесінен 2023 жылдың 30 қыркүйегі аралығында аудит объектілерімен іске асырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттен бөлінген қаржылар 99,9 пайыз игерілген.

Жалпы, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Бюджеттік кодекстің талаптарына және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Қағидаларына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: *Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.*

Аудит объектілері бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды тұтастай орындалған.

Дегенімен, аудит объектілері қабылдаған шараларға қарамастан аудит бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады және негізгі бағыттарды жүзеге асыруда кемшіліктер бар екенін байқатты.

Айта кету керек, жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың көпшілігі жүйелі сипатқа ие.

Мемлекеттік аудиттің негізгі объектісі қызметінің нәтижелеріне бағалау жүргізсек, аталған бұзушылықтарға жол берудің себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Жалпы, аудит объектілерінің облыс шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз етуін реттеуде, іске асыруда және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыруында атқарған қызметін тиімді деп

бағалауға, сондай-ақ қабылданып жатқан шаралары жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларының сапасын жақсартуға бағытталғанын атап өтуге болады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Түркістан облысы әкімінің аппараты мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін аудит объектілері бойынша әкімшілік шара көру үшін Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 4 материалдың жолданғандығы, Әкім аппаратының іссапар шығындарына 52 қызметкерден артық аударылған 986,6 мың теңге қаржы бюджетке өндірілгені және қызметкер Б.Қыстаубаеваның қайтыс болуына байланысты іссапар шығындарына артық аударылған 52,9 мың теңге қаржы бюджетке өндіруден қысқартылғаны, Мамандандырылған базасы бойынша айлық жалақыға артық аударылған 172,6 мың теңге қаржының өтелгені, 797,1 мың теңгенің жұмыстары орындалып қалпына келтірілгені назарға алынсын.

3. Облыс әкімі аппаратына және облыстық мәслихат аппаратына аудиторлық қорытынды ақпарат жолдансын.

4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын:

«Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысына:

1) 2024 жылғы 02 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылғы 15 мамырға дейін өтелуі тиіс іс-сапар шығындарына артық төленген 188,0 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

«Түркістан облыс әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2024 жылғы 02 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2024 жылғы 02 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылғы 15 мамырға дейін іс-сапар шығындары бойынша артық төленген өтелуі тиіс 166,1 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

3.4 Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 14 парақта;

2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБТК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін 5 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 4 материалдардың жолданған хаттары 8 парақта;

3) 1-қосымша кесте 1-парақта;

4) Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін -797,1 мың теңгенің жұмыстары орындау жолымен қалпына келтірілгені туралы Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының «Мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 08.01.2024 жылғы №03-6-/2 санды хаты.

5) Түркістан облысы әкім аппаратының 2024 жылғы 01 наурыздағы №16/2227 санды хаты, түбіртектер және Б.Қыстаубаевтың қайтыс болу туралы анықтамасы қоса тіркеледі.